

# ТЕРЕҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ЖАСАМПАЗ ТЕХНОЛОГИЯ

М.Әуезов атындағы ОҚМУ – көп салалы білім беру мекемесі. Университет аймақтық, республикалық және әлемдік кеңістіктегі экономиканың барлық салаларына, ғылым мен мәдениет салаларына мамандар даярлайды. Университеттегі мамандықтардың жалпы саны – 86, оның ішінде 25 техникалық, 20 педагогикалық, 12 мәдениет және өнер, 10 агротехникалық, 5 экономикалық мамандық. Сонымен бірге, заң, туризм, қызмет көрсету секілді тағы басқа салаларға қажетті, сондай-ақ бейіндік және ғылыми-педагогикалық бағыттағы 61 мамандықтан магистр даярлайды. Ғылыми-педагогикалық бағыттағы 14 мамандықтан PhD докторларын даярлап шығарады.

ОҚМУ дүние жүзінің алдыңғы қатарлы жетекші университеттері арасында докторлық бағдарламалар, халықаралық аккредитация, студенттер мен оқытушылардың оқу-тәжірибесімен алмаса отырып, халықаралық ынтымақтастықта түрлі іс-шараларды жүзеге асырады.

2013–2014 оқу жылынан бері мұндағы білім беру үдерісіне оқытудың модульді білім беру жүйесі енгізілген. Бүгінде 70 жылдан аса тарихы бар М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті – Қазақстандағы көшбасшы оқу орындарының бірі.

Биылғы ел тәуелсіздігінің 25 жылдығын «Химиялық инженерия және биотехнология» жоғары мектебі үлкен табыстармен қарсы алуда.

Студенттерді оқу нәрімен сусындатып, білім мен ғылым жолына жетелейтін жоғары дәрежелі оқытушылар қатарында Ш.Молдабеков, Б.Есімов, Т.М.Худякова, Б.Таймасовпен қатар В.Ф.Вернер, И.А.Грошев, М.Сатаевтар табысты еңбек етіп жүр. Бұл тізімде В.М.Шевко, У.Бестерекөв, К.Жантасов, А.Тілеуов, С.Сүлейменов пен Е.Қалдығөзовтің есімдері құрметпен аталады. Университеттің доценттері Ш.А.Навесов, В.И.Кондратенко, К.Пұсырманова – шөкірт тәрбиелеу ісінің майталмандары. Төлімгерліктің шығына жеткен С.Исқақова, К.Әліқожаева,

Н.А.Высоцкая, Т.Иманғалиев, Ж.Тілеукеева, Ш.Жолдасова және К.Қарымсақовтың еңбектері ересен. Осындай қуатты да білімді мамандардың арқасында ОҚМУ мен «Химиялық инженерия және биотехнология» жоғары мектебінде уақыт талабына сай жаңа жобалар қолға алынууда.

Оңтүстік өңіріндегі ОҚМУ оқытушылар мен студенттер құрамындағы ғылым, спорт, музыка және шығармашылық жұлдыздарының саны бойынша да, әлеуметтік-тәрбиелеу жұмыстарының жоғары деңгейі бойынша да көшбасшылар легінен табылады.

Университеттің маңызды көрсеткіштерінің бірі – білім алушылар мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығы. Айталық, 2015 жылды 500-ден астам студент, магистрант пен докторант академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша шетелдерде білім алып, тағлымдама мен іс-тәжірибелерден өтті. Сондай-ақ, 100-ден аса студент АҚШ, Австрия, Германия, Испания, Чехия, Польша, Латвия, Қытай, Малайзия, Ресей және Люксембург секілді бірқатар мемлекеттерде білімдерін шыңдап қайтты.

Соңғы үш жыл ішінде 38 адам «ЖОО үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері атанды. Оқытушы-профессорлар құрамының шетелдік оқу орындарында тәжірибе алмасуына, ғылым мен техника саласындағы біріккен жұмыстарды жалғастыруына ерекше көңіл бөлетін университет басшылығы тиісті шарттар жасасып, жүйелі түрде жүзеге асырып отырады. Соның нәтижесінде соңғы үш жылда 131 профессор мен оқытушы шетелдерде тағлымдама мен біліктілікті арттыру шараларынан өтті. Оның ішінде 51 ғылыми-педагогикалық қызметкер «Өрлеу» бағдарламасы және 31 қызметкер «Болашақ» бағдарламасы бойынша біліктілігін арттырды.

«Химиялық инженерия және биотехнология» жоғары мектебінде бүгінгі таңда жаңа технологиялар мен жаңалықтарға қанық студенттер сессиясын «Еркін кесте» бойынша тапсыра алады. Шетел ғалымдары сабақта-

рын дистанциялық әдіспен онлайн-режимінде жүргізеді. Шетелдерге шыққан студенттер, магистранттар, PhD докторанттар ОҚМУ-ға онлайн-режимінде байланысқа шығып, Еуропа және Ұлыбританиядағы өздерінің оқу тәжірибелерін де бөліседі.

Өр жылығы ақпан айында «Химиялық инженерия және биотехнология» жоғары мектебінде химия пәнінен мектеп оқушыларының арасында Менделеев атындағы олимпиада өткізіліп отырады. Биылғы жылдың ерекшелігі, осы олимпиадаға ауыл мектептері қатысып отыр. Менделеев олимпиадасының жеңімпаздары ОҚМУ ректорының оқу гранттарымен марапатталып, төрт жыл бойы тегін оқуға мүмкіндік алады.

Қазақстанның индустриалды-инновациялық даму бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында ел экономикасын инновациялық дамытуға отандық жоғары оқу орындарының ғылыми белсенділікпен атсалысу қажеттігі туындап отыр. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев ел ғалымдарын «адам өмірінің сапасын анағұрлым жақсартатын инновацияларға зейін қоюға» міндеттеп отыр. Осыған орай «Химиялық инженерия және биотехнология» жоғары мектебі жеделдетілген мемлекеттік индустриалды-инновациялық даму бағдарламасына өз үлестерін қосуда. Оқу орны бір жылдың ішінде (2015 жылы) 180 магистрантты мемлекеттік грант негізінде қабылдап, оларды аймақтағы кәсіпорындарға дайындады. Бұл магистранттар лекциялық, практикалық, зертханалық сабақтарды заманға сай зерттеу қондырғыларымен жасақталған зертханалық кешендерде жүргізуде. Сондай-ақ, әлемдік ғылымның қазіргі заманғы жетістіктері деңгейінде терең ғылыми-зерттеулерді жүзеге асыруда. Осының бәрі ғылымның, білімнің және өндірістің тиімді бірігуіне берік тірек бола алады.

Магистранттарға арналған осы жаңа зертханалық кешен 2015 жылы желтоқсан айында ашылып, оның ашылу салтанатына ҚР Білім және ғылым министрі және Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі арнайы келген

болатын. Министр де, әкім де мұндағы ғылыми-зерттеу жұмыстарына оң бағасын берді. Магистранттар оқуын тәмамдаған соң облыстағы химиялық технология салаларындағы кәсіпорындардың әрі қарай дамуына үлестерін қосатын болды.

«Химиялық инженерия және биотехнология» жоғары мектебі «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС, «ҚазФосфат» ЖШС, «ҚазАзот» ЖШС секілді ірі кәсіпорындармен әріптестікте жұмыс жүргізеді. Мұндай тиімді байланыстар Оңтүстік–Батыс өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының «Агроинновация» АҚ, «Оңтүстік Мұнай газ» ЖШС, «Автобуссервис» ЖШС, «Қазақстан теміржолы» ҰК сынды үлкенді-кішілі мекемелер арасында да табысты жүргізілуде. Оның тиімділігі сонда, әріптестікті дамыта келе, бітіруші түлектердің жұмысқа орналасуына мүмкіндіктер жасалады. Жұмыс берушілер ұсынған бос орындар санының көбеюінің нәтижесінде жастарға көмек көрсету мақсатында жыл сайын «Жас маман» жәрмеңкесі өткізіледі.

«Химиялық инженерия және биотехнология» жоғары мектебінде бакалавриат, магистратура және докторантура бағыттарында мынадай жоғары білікті мамандар даярланады: 5B072100 – «Органикалық заттардың химиялық технологиясы», 5B072000 – «Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы», 5B0060600 – «Химия», 5B070100 – «Биотехнология», «Металлургия», 5B075300 – «Балқу қиын бейметалл және силикатты материалдардың химиялық технологиясы», 5B060800 – «Экология». Осыларды ескере келе, Оңтүстік Қазақстан облысындағы мектеп түлектерін «Химиялық инженерия және биотехнология» жоғары мектебінің мамандықтарына оқуға шақырамыз.

**А.БОЛЫСБЕК,**

*«Химиялық инженерия және биотехнология» жоғары мектебінің деканы.*